54		Мақсаты: қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. Диаметрі 15 см допты астынан қос қолымен көлденең нысанаға лақтыруға, доп артынан қолды түзетуге үйрету; көз мөлшерін дамыту; допты домалатуды бір аяқпен орындау дағдысын бекіту, секіру жаттығуын орындауда кеуде мен басын тік ұстап тұру; халық дәстүрлерімен, ойындармен танысу арқылы баланың мәдениеті мен қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру; шыдамдылықты, қимыл-қозғалысты үйлестіруді, назар аударуды дамыту; төзімділікке, достыққа, ұжымшылдыққа, бірлесіп ойнай білуге тәрбиелеу.	1. ЖДЖ№17(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) гимнастикалық орындықта жүру, орындықты бүйірінен ұстау Ойын жаттығу: « ағашқа өрмелеу » 2) тепе-теңдік гимнастикалық орындық үстімен жүру, қол бастың артында, орындықтың соңында төмен қарай адымдап түсу Ойын жаттығу: « циркте » Қимылды ойын № 29 Трамвай.

55 Таза ауада	Мақсаты: бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Шектеулі алаңда алақан мен тізеге тіреліп еңбектеуді үйрету; допты дұрыс нысанаға бағыттай білуге және артынша қолды түзете білуге үйрету, педагогтың түсіндірмесін тыңдау, көрсетілімді қадағалау, шыдамдылықты дамыту, қозғалыстарды үйлестіру, назар аудару; ұлттық салт-дәстүрлермен, ойындармен танысу арқылы баланың мәдениеті мен қимыл тәжірибесін байыту. ҚҰРАЛДАР: тақтайша, қапшықтар	1. Ж.Д.Ж.№ 18(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1)Доптарды бір-біріне 2 метр қашықтықтан лақтыру (әдіс-бастың арт жағынан екі қолымен, аяқтар иық еніндей қалыпта) Ойын жаттығу: Допты лақтыр 2)Алақандар мен аяқтардағы тіреуішпен алға қарай қозғалу , ара қашықтығы 3-4 метр, 2рет қайталау Ойын жаттығу: Ормандағы аю. Қимылды ойын:№13 Ормандағы аю
56	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауды дамыту. Жылдам қарқынмен жүгіруге, кең қадам жасауға, бір-біріне кедергі келтірмеуге үйрету; аттап жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту, баспалдақты рейкалар арқылы ырғақты аттай білуді, тізені жоғары көтеруді және аяқ ұшымен жүре білуді бекіту, жеңіл және еркін жүруді орындау, ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты дамыту; мейірімділікке, айналасындағыларға мейіріммен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: саты	1. ЖДЖ№19(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1)тепе-теңдік:арқанмен жүру, арқанға өкшемен жүру, қол белде Ойын жаттығу: қояндар 2) допты жоғары лақтыру және оны екі қолмен ұстап алу, ерікті түрде.(Балалар залда еркін орналасады) Ойын жаттығу: Қоянды табайық Қимылды ойын: №9 Көгі-көк
57	Мақсаты: шашырап, жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру Екі аяқпен кезекпе-кезек секіруді орындауға, бір аяқты екпінді итеруге және екінші аяқпен секіруге үйрету; жылдам қарқынмен жүгіре білуді бекіту, қолдың белсенді қозғалысын қадаммен ұштастыру, шеңберді тарылтпау; көлбеу тақтамен жүгіріп жаттығуды, қозғалыстарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; қоршаған әлемге оң көзқарасты қалыптастыру. Дене шынықтыру сабақтарына қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: көлбеу тақтай, шеңбер	1. ЖДЖ№20 2. Негізгі қимылдар: 1) гимнастикалық орындықта секіру , биіктігі 25 см 4-6 рет қайталау Ойын жаттығу: « жолмен жүреміз, секіреміз » 2) доптарды бір-біріне лақтыру , 2 метр қашықтықтан әдіс (төменнен екі қолмен) 10-12 рет Ойын жаттығу: «шар жарылды » Қимылды ойын № 10 Түлкі мен қаздар

58 Таза ауада		Мақсаты: допты екі қолымен қағып алуға үйрету. Шектеулі алаңда дене сымбатын сақтай отырып, алға жылжи отырып,көлбеу тақтай бойымен жүруге үйрету; алақанды тіреп баспалдақпен еңбектеу дағдысын бекіту, қол және аяқ қимылдарын үйлестіру, педагогтың нұсқауларын дұрыс орындау, дем алу- дем шығару фазасын реттеу, шыдамдылықты, ұйымшылдықты дамыту, өз орнын таба білу; мейірімділікке, ойында жол беруге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: көлбеу тақтайша, тақтай.	1. Ж.Д.Ж.№ 21(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Кішкентай допты бір қолымен еденге 3-4 рет қатарынан соғып, екі қолымен ұстап алу, 3-4 рет қайталау Ойын жаттығу: кімнің дауысы? 2) Екі аяқпен секіру, алға жылжу, аяқты алшақ аттап, аяқпен бірге секіру және т.б. қашықтық 3 метр, бірнеше рет қайталау. Ойын жаттығу: Қоян мен түлкі Қимылды ойын: №8 Күн мен түн.
59		Мақсаты: өз күшіне сенімділік сезімін дамыту Жүгіру бағытын сақтай отырып, шағын қадамдармен баяу қарқынмен жүгіруге үйрету; бір-бірінен 1 метр ара қашықтықтағы заттар арасынан допты «жыланша» тебу, заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту; көлбеу тақтайша бойымен бағытын өзгерте, тепе-теңдікті сақтай отырып жүру дағдысын бекіту; суретте көрсетілгендей бейнеге сәйкес қимыл қозғалысын үйлестіру, ептілікті, күштілікке қабілеттерін дамыту; белсенді демалысты әдетке айналдыруға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: көлбеу тақтайша, балалардың шағын тобына арналған доптар, кегли.	1. ЖДЖ №22(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) кішкентай допты 1 қолымен еденге 3-4 рет қатарынан соғып, екі қолмен ұстап алу, 3-4 рет қайталау. Ойын жаттығу: бер, ал! 2) екі аяқпен секіру, алға жылжу, аяқты алшақ аттап, аяқпен бірге секіру, бірнеше рет қайталау. Ойын жаттығу: Кенгуру Қимылды ойын: №16 Тым тырақай.
60		Мақсаты: көлбеу жазықтың үстінде жүруге үйрету. Тіке шоқырақты орындауға, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіруге үйрету; шеңберді кішірейтпей, қолдың табиғи қозғалысымен баяу қарқынмен жүгіру, шыдамдылықты дамыту; еденге тігінен орналасқан құрсаудан еңбектеп өтуге жаттықтыру; қозғалыстардың айқындылығын, икемділігін дамыту, еркін және табиғи түрде жүру және жүгіре білу, дене бітімін тік ұстап тұру және тепе-теңдікті сақтау, топтық сап құрау кезінде өз орнын табу; жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу ҚҰРАЛДАР: Здана құрсау	1. ЖДЖ №22(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) тепе-теңдік, арқанмен жүру Ойын жаттығу: Тақа 2) екі аяқпен секіру, 2-3 рет қайталау. Ойын жаттығу: Құрсаудан секіріп өт! Қимылды ойын № 9 Көгі-көк

61 Таза ауада	Ақпан	Мақсаты: жылдамдық пен ептіліктерін дамыту. Диаметрі 15 см допты екі қолымен көлденең бағытта кеудесінен асыра лақтыруға, қолды жігерлі түзетуге, көз мөлшерін дамытуға үйрету; тіке шоқырақты орындау, қол және аяқ қозғалысын үйлестіру дағдысын бекіту; бір-біріне кедергі келтірмей, шеңберге шығып, шеңбер бойымен жүре білуіне жаттығу жасау; түзу және қайта сапқа тұру дағдысын жетілдіру, еркін жүру және жүгіре білу, тепе-теңдікті сақтай отырып, ептілікті, төзімділікті дамыту: дене шынықтырумен айналысуға қызығушылығын тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: лақтыруға арналған дорбашалар, гимнастикалық қабырға.	1. Ж.Д.Ж.№ 24(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Жүру, толтырылған доптардың үстімен басу, тізелерін жоғары көтеріп, қолда белбеуін ұстау. (2-3 рет) Ойын жаттығу: Марғаулар 2) Қолдың жігерлі толқының қолдана отырып, шнурдың үстімен оңға және солға секіру, алға жылжу (2-3 рет) Ойын жаттығу: Ақ қояндар 3. Қатарда тұрып доптарды бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Қимылды ойын: №6 Төбеде доп қуу
62		Мақсаты: Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. Бірнеше кедергілерден өту, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру, ептілікті дамыту; допқа дұрыс траектория беруге, қолды жігерлі қозғалыспен түзете білуді бекіту; қозғалысты дұрыс орындау, педагогтың нұсқауларын дұрыс орындау. Төзімділікті, зейінді дамыту; белсенді демалысты әдет етуге, мейірбандылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: модульдар, лақтыруға арналған доптар	1. ЖДЖ №22(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Гимнастикалық орындықта жүгіру, орындықта бүйірінен қолданыста. Ойын жаттығу: Ағашқа өрмелеу. 2) Тепе-теңдікті гимнастикалық орындықта жүру. Орындықта соңында төмен қарай адымдап түсу. Ойын жаттығу: Көпірден өт. Қимылды ойын: №17 Кім баяу?
63		Мақсаты: Жылдамдық және ептілікті дамыту. Бөренемен жүруге, жоғары тіректе тепе-теңдікті сақтауға үйрету; кедергілерден өте білуді бекіту, қол және аяқ қимылдарын үйлестіруді дамыту; жүру және бағытты ауыстыра отырып жүгіру жаттығулары, қозғалыс бағытын өзгерту, жүріс тәртібін бұзбай жүруді және жүгіруді кезектестіруді дамыту; педагогтың нұсқауларын дұрыс орындай білуді қалыптастыру, дем алу-дем шығару фазасын реттеу. Шыдамдылықты, ұйымшылдықты, өз орнын таба білуді дамыту; мейірімділікке, ойында жол бере білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық бөрене.	1. ЖДЖ №24(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) тепе-теңдік гимнастика орындықта жүру (ортасында тоқтау, бұрылу, әрі қарай жүру, орындықтан түсу және өз бағытыны оралу) Ойын жаттығу: Тышқандар. 2) Штангаларды үстінен секіру (штанга биіктігі 10 см) олардың арасындағы қашықтық 40 см (3есе) Ойын жаттығу: Аюлар.. Қимылды ойын № 22 Тышқан

			аулау.
64 Таза ауада		Мақсаты: керіп тартылған жіптердің астынан өту. Тіректің шектеулі алаңында тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту; қозғалыс арқылы музыкалық бейнелерді бере білуді, еркін жүре және жүгіре білуді жетілдіру, Ептілікті, шыдамдылықты, қозғалыстарды үйлестіруді дамыту; төзімділікке, дене шынықтыру сабағына қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық бөрене.	1. Ж.Д.Ж.№ 24(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) екі аяқпен секіру, бір-бірінен 0,5 м қашықтықта жатқан 5-6 қысқа сымдар арқылы секіру, 2-3 рет қайталау Ойын жаттығу: Қояндар 2) Доптарды бір-біріне домалату, (арақашықтық 2 м) қатарда әдіс тізе бүгу жағдайда (10-12 рет қайталау) Ойын жаттығу: Мен саған, сен маған. 3) далада шанамен сырғанау Мақсаты: шанамен сырғанауды жаттықтыру. Қимылды ойын: №3 Ақ қоян.
65		Мақсаты: доптарды лақтырып, қағып алуға үйрету. Тепе-теңдікті сақтай отырып, заттар арасынан "жыланша" жүруге үйрету; жартылай иілген аяқтармен жерге қонып, екі сызықтан секіру жаттығуларын жүргізу; доғаның астынан өту, заттар арасынан еңбектеп өту дағдысын бекіту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындардың әр түрлі түрлерімен байыту; жаттығуларды орындау кезінде дұрыс тыныс алуды қалыптастыру. Қолдың ұсақ моторикасын, күшін, ептілігін дамыту; дене шынықтырумен айналысуды әдетке айналдыруға, денсаулыққа қамқорлық жасауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: кегли, екі таспа, доға 4 дана.	1. ЖДЖ№25(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Доптарды бір-біріне лақтыру (10-12 рет). Ойын жаттығу: мен саған, сен маған. 2) гимнастикалық орындықта жүру, қолымызды көтеріп. Ойын жаттығу: Күн сәулесі Қимылды ойын: №8 Күн мен түн
66		Мақсаты: шапшаңдық, ептілікті дамыту. Екі аяқпен бір уақытта секіруге және жерге қонуға үйрету; ырғақты жүру және аяқ ұшымен оңай жүгіре білуді бекіту, дене сымбатын дұрыс сақтау; заттар арасынан еңбектеп өтуге жаттығу, қол және аяқ қимылдарын үйлестіруді дамыту; қолда бар тәжірибені пайдалана білуді қалыптастыру, суретті қозғалыспен сәйкестендіру; ептілікті, күшті дамыту; ойнауға, ойын ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: кегли	1. ЖДЖ№25(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) екі аяқпен секіру, бір-бірінен 0,5 қашықтықта жатқан кегли арасымен өтіп кету. Ойын жаттығу: Ақ қояндар. 2) тепе-теңдікті сақтау, гимнастикалық орындықта жүру. Ойын жаттығу: Жылан. Қимылды ойын № 1 Паравоз

67 Таза ауада		Мақсаты: көз мөлшерін дамыту Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіруге, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгіруімен үйлестіре білуге үйрету; заттар арқылы аттаған кезде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту; көлбеу тақтайша бойымен еңбектеу жаттығуын, қимылдарды үйлестіруді, батылдықты дамыту; кеңістікте жылдам әрі еркін, ырғақты және үйлесімді бағдарлай отырып және тепе-теңдікті сақтай отырып таныс қозғалысты орындай білуді қалыптастыру ; ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты дамыту; жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу ҚҰРАЛДАР: текшелер, көлбеу тақтайша, гимнастикалық қабырға.	1. Ж.Д.Ж.№ 27(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) доптарды бір-біріне лақтыру, 10-12рет Ойын жаттығу: Ұқыпты бол 2) таза ауада ойнайтын ойындар, қар лақтыру Ойын жаттығу: Атыспақ. Қимылды ойын: №15 Аюлар мен аралар
68		Мақсаты: ептілікке үйрету. Еденге тігінен орналасқан құрсаудан еңбектеп өтуге үйрету, қол мен аяқ қозғалысын үйлестіре білуді дамыту; допты лақтыру мен қағып алуға жаттығу жасау, допты жоғары қарай бар күшімен лақтырып, денеесіне тигізбей ұстай білуді дамыту; жаттығуларды жалпы барлық қарқынмен орындау дағдысын бекіту, дененің дұрыс жағдайын сақтау, берілген қозғалыс бағытын сақтау; сапқа тұру мен қайта сапқа тұрудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; ептілікті, шыдамдылықты дамыту; белсенді демалысқа, ойыншықтарға ұқыпты қарауға, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: құрсаулар, балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. ЖДЖ№28(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Доптарды бір-біріне лақтыру Ойын жаттығу: мен саған, сен маған. 2) гимнастикалық орындықта төртаяқтап еңбектеу Ойын жаттығу: Аю ағашқа мінеді. 3) Қатарда тұрып допты бір-біріне домалатып өткізу Ойын жаттығу: Бұлақ. Қимылды ойын: №27 Жіптің үстімен доп лақтыру.
69		Мақсаты: екі аяқпен секіруге үйрету. Бір екпін мен ырғақты сақтай отырып, шеңбер бойымен жүгіруге үйрету; шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту; қолдарын күрт қозғалыспен түзете отырып, допты кеудесінен асыра екі қолмен лақтыруға жаттығу. Жаттығуларды барлық қарқынмен орындау, дененің дұрыс жағдайын сақтау, берілген қозғалыс бағытын сақтау, сапқа тұру мен қайта құру дағдысын жетілдіру, бірге ойнай білуге, бір-біріне жол беруге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: 3 м бау, балалардың шағын тобына арналған доптар, гимнастикалық орындық.	1. ЖДЖ№28(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) обручтан обручка секіру Ойын жаттығу: көжектер. 2) гимнастикалық орындықта жүру Ойын жаттығу: Пингвин 3) Жыланның үстімен жүру, үстіне секіру. Ойын жаттығу: Жылан Қимылды ойын № 1 Паравоз

70 Таза ауада		Мақсаты: далада орындалатын ойындарды, эстафета түрлерін үйрету. Еденнен екі аяқты жігерлі итеріп, зат арқылы секіруге үйрету; жоғары тіректе тепе-теңдікті сақтай білуді жаттықтыру. Ұлттық салт-дәстүрлермен, ойындармен танысу арқылы баланың мәдениеті мен қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту; төзімділікке, достыққа, ұжымшылдыққа, бірлесіп ойнай білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: текшелер, гимнастикалық орындық.	1. Ж.Д.Ж.№ 30(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру(арақашықтық 10метр) Ойын жаттығу: Кім тез? 2) дөңгелек арасымен жүру (жыланша) Ойын жаттығу: Жылан 3) аяқ ұшымен жүру. Ойын жаттығу: кім тыныш? Қимылды ойын:№17 кім баяу?
71		Мақсаты: бірігіп ойнауға үйрету Допты еденге төмен қарай лақтыруға және лақтырғаннан кейін екі қолмен қағып алуға үйрету ;нұсқаушының түсіндірмелерін тыңдау, көрсетілімді қадағалау; төзімділікті, қозғалыстарды үйлестіру, зейінді дамыту; қоршаған ортаға оң көзқарасқа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: текшелер, балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. ЖДЖ.№1(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүру: ирелең орналасқан баудың бойымен жүру. Ойын жаттығу: Шынжыр. 2) допты қос қолымен ұстап, кеудесінен асыра лақтыру. Ойын жаттығу: Мергендер. Қимылды ойын: №18 Соқыртеке.
72		Мақсаты: бір аяқпен секіруге үйрету. Допты көтерілген қолдың биіктігіне созылған бау арқылы 2 м қашықтықта тұрып, қолды екпінді түзей отырып лақтыруға үйрету; күшпен итеріп, жартылай бүгілген аяқтарымен жерге жеңіл қону дағдысын іске асыра отырып, зат арқылы секіру дағдысын бекіту; сапқа тұру және қайта сапқа тұру дағдысын жетілдіру; жаттығуларды орындау кезінде дұрыс дем алуды қалыптастыру; ұсақ моториканы, күшті, ептілікті дамыту; дене шынықтыру сабақтарына қызығушылыққа тәрбиелеу ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар, текшелер.	1. ЖДЖ.№1(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) қосаяқтап заттан секіру (биіктігі 5см) бағытты алмастырып отырып жүру және жүгіру Ойын жаттығу: Қояндар 2) гимнастикалық орындықта жүру (биіктігі 30см ені 20см) Ойын жаттығу: Көпірден өт Қимылды ойын № 14 аңшылар мен қояндар.

73 Таза ауада	Наурыз	Мақсаты: түрлі тәсілдермен жүгіруге үйрету. Гимнастикалық қабырғаға шығуға және одан түсуге, төрт саусақты жоғары, бас бармақты төмен жіберіп белден ұстау. Допқа дұрыс траектория беріп, допты алға бағыттау -қолды жоғары тіке бағыттап білуді бекіту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дене жаттығуларының әртүрлі түрлерімен байыту, қимыл-қозғалысты үйлестіру; қайырымдылыққа, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық қабырға, балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. Ж.Д.Ж.№ 1(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Қолдарынан ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Ойын жаттығу: Ақ қояндар 2) допты қос қолымен ұстап, кеудесінен асыра лақтыру. Ойын жаттығу: Мергендер. Қимылды ойын:№11 Ит пен қоян.
74		Мақсаты: жоғарыға өрмелеуге үйрету. Шашырап жүру және жүгіру,ұзындыққа секіруге үйрету.Допты домалатуда ептілікті дамыту.Спортпен айналысуға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: құрсау, балалардың шағын тобына арналған доптар,ойынға арналған заттар	1. ЖДЖ№4(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) гимнастикалық қабырғаға шығу және түсу. Ойын жаттығу: Өрт сөндірушілер 2) диатметрі 15см болатын допты қос қолымен басынан асыра тор арқылы лақтыру. Ойын жаттығу: Бос орын. Қимылды ойын: №19 доп кімде?
75		Мақсаты: балалардың түстерді ажырата білуге үйрету. Допты домалату кезінде ептілікті дамыту. Шашырап жүру және жүгіру, бір-біріне допты домалатуға үйрету. Төзімділікке, достыққа, ұжымшылдыққа, бірлесіп ойнай білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар.Үш түсті жалаушалар: қызыл,жасыл,сары.	1.ЖДЖ№4(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) қосаяқтап (арық арқылы) секіру, жерге қону. Ойын жаттығу: Арық 2) бір –біріне допты дәл беру. Тізерлеп өкшемен отыру. Ойын жаттығу: Үйректер Қимылды ойын № 20 Қазан доп.

76 Таза ауада		Мақсаты: таза ауада ойнайтын ойындарды ойнау. Бір-бірінің артынан жүру және жүгіруге үйрету. Қолға арналған тапсырмаларды үйрету. Назар аударуды дамыту. Ойын ойнауға, ойын ережесін ұстануға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. Ж.Д.Ж.№ 3(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Қос аяқпен секіріп, жерге қону. Ойын жаттығу: Тауық пен балапандар. 2) Бір-біріне допты домалату. Ойын жаттығу: Мысық пен тышқандар. Қимылды ойын: №22 Тышқан аулау.
77		Мақсаты: Допты түрлі әдіспен ойнауға үйрету. Нұсқаушының белгісі бойынша іс-әрекет жасай білуін дамыту. Допты еденге лақтырып, оны екі қолмен ұстап, жоғары тіректе еңбектеуге жаттықтыру. Адамгершілікке, ойын кезінде жол бере білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар, гимнастикалық орындықтар.	1. ЖДЖ№4(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) шеңберге тұру. Аяқты иықпен теңестіре тұрып, қолдарын кеудесіне бүге, допты лақтырып, қайта қағып алу керек. Ойын жаттығу: Циркте. 2) Жоғары тіректе еңбектеу, алақан мен тізеге тіреліп «құмырсқа тәрізді» тез әрі шапшаң еңбектеу. Ойын жаттығу: Құмырсқа. Қимылды ойын: №7 ақ сандық, көк сандық.
78		Мақсаты: шеңберге тұрып ойын ережесін сақтауға үйрету. Екі қолымен допты лақтырып және оны қағып алуға жаттығу. Нұсқаушының белгісі бойынша қимыл-қозғалыс жасай білу дағдысын дамыту. Белсенді демалуға, қозғалысқа ниет етуге, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. ЖДЖ№4(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) шеңберге тұру Ойын жаттығу: Добым менің көңілді. 2) Доп кімде? Допты бір-біріне лақтырып қағып алуға үйрету. Ойын жаттығу: сен маған мен саған. Қимылды ойын № 16 тым-тырақай.

79 Таза ауада	Мақсаты: кіші тірек аланқойында еңбектеуге үйрету. Жүруді және жүгіруді үйретуді жалғастыру. Алға жылжи отырып, қоя аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру, белсенді демалысқа, қозғалысқа ниет етуге, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	1. Ж.Д.Ж.№ 6(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Шеңберде тұру. Алақанды тіреп отырып, еңбектеу. Ойын жаттығу: тез ал. 2) Аяқты иықпен теңестіре тұрып, қолдарын кеудесіне бүге допты лақтырып, қайта қағып алу керек. Ойын жаттығу: Қағып ал. Қимылды ойын: № 7 ақ сандық, көк сандық.
80	Мақсаты: еңбектеу жаттығуларын үйрету. аттар арасынан жүру және жүгіру қимылдарын үйлестіруді дамыту, еңбектеу жаттығуларын қайталау; жоғары тіректе жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтау, белсенді демалуға, қозғалысқа ниет етуге, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық, жалаушалар.	1. ЖДЖ №7(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) алақаны мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеу. Ойын жаттығу: Тасбақалар 2) тепе-теңдік гимнастикалық орындықта қолдарын еркін ұстап, баяу қарқынмен жүру. Ойын жаттығу: көпірден өт. Қимылды ойын: №8 күн мен түн
81	Мақсаты: Жүгіруді және жүруді кезектестіріп үйрету Еңбектеу жаттығуларын қайталау; жоғары тіректе жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Екі аяқпен секіріп алға жылжу, жаяу жүру мен жүгіруге үйретуді жалғастыру. Спорт залында айналысуға ынтасын арттыру. ҚҰРАЛДАР: қажет емес.	1. ЖДЖ №7(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) шеңберден шеңберге секіру, тізені жоғары көтеріп жүру мен кезектескен жылдам қарқынмен жүгіру (қашықтық 10м) Ойын жаттығу: Көжектер 2) допты екі қолмен басынан тұрған күйінде лақтыру. Ойын жаттығу: Сен маған, мен саған. Қимылды ойын: №11 ит пен қоян.

82 Таза ауада		Мақсаты: жүгіру және жүруді үйретуді жалғастыру. Жүруді және жүгіруді үйретуді жалғастыру. Алға жылжу кезінде екі аяқпен секіру дағдысын дамыту. Қимылдық ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	1. Ж.Д.Ж.№ 9(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Бір-біріннің соңынан жүру Ойын жаттығу: Қарлығаш 2) Алға жылжу кезінде екі аяқпен секіру. Ойын жаттығу: Ақ қояндар. 3) жүру мен жүгіруді кезектіестіру Ойын жаттығу: Мұқият бол! Мақсаты: ептілік, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Қимылды ойын:№ 2 Ұшты-ұшты.
83		Мақсаты: Негізгі қасиеттерді шапшаңдық пен ептілікті дамыту. Заттардың айналасында жүруді және жүгіруді қайталау, баулар арқылы секіру. Жоғары тіректе жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауда жаттығу. Спортпен айналысуға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық, жалпақ құрсау.	1. ЖДЖ№11(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) отыру жағдайында бас жағынан допты лақтыру. Ойын жаттығу: Сен маған, мен саған. 2) шеңберден шеңберге секіру. Ойын жаттығу: Біз көңілді балалар.. Қимылды ойын: №16 Тым-тырақай
84		Мақсаты: Жаяу жүруді әртүрлі тәсілдермен үйрету Баулар үстінен дұрыс секіруді дамыту. Жаяу жүрісте тепе-теңдікті сақтап жаттығу. Тоқтау, басқа жаққа бұрылу және текшелерді айнала жүру мен жүгіруді жалғастыру. Белсенді демалуға, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: текшелер	1. ЖДЖ№14 2. Негізгі қимылдар: 1) Бір-бірінің артынан (тырна тәрізді)(тышқандар) тәрізді жүру. Ойын жаттығу: Тырналар, тышқандар. 2) Бір-бірінің соңынан ере жүру және жүгіруді кезектестіру. Ойын жаттығу: Қалып қойма. Қимылды ойын: №22 тышқан аулау.

84 Таза ауада	Сәуір	Мақсаты: жүру және жүгәруге үйрету Жаяу жүрудің әр түрлі тәсілдерін үйрету; кезектесіп жүгіруге жаттықтыру. Нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұру; қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамыту. Мейірімділікке білу, бір-біріне жол беруге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес.	1. Ж.Д.Ж.№ 15(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Бір-бірінің артынан тырна тәрізді жүру Ойын жаттығу: Құстар келді 2) Бір-бірінің соңынан ере жүру және жүгіруді кезектестіру Ойын жаттығу: Паравоз. 3) Сапқа тұру Ойын жаттығу: Балапандар Қимылды ойын: № 2 Ұшты ұшты.
85		Мақсаты: жаттығуарды, шапшаңдықты дамыту. Тапсырмаларды орындай отырып, жаяу жүру және жүгіру жаттығуларын жасау; секіру кезінде жартылай бүгілген аяқтарымен жерге қону. Доппен жаттығу барысында ептілікті дамыту. Бір-біріне деген мейірімділікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: жалпақ құрсаулар, балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. ЖДЖ№16(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Сап тізбекке бір-бірден жүру. Қоңыздар ұшты деген белгі берілген кезде балалар жан жаққа жүгіреді. Ойын жаттығу: Қоңыздар. 2) Қоңыздар демалады-деген белгі бергенде, шалқасынан жата қалып, аяқ қолдарын қимылдата бастайды. осылайша қимылдарды қайталау. Ойын жаттығу: Қоңыздар. 3) гимнастикалық орындықтан секіру Ойын жаттығу: масалар Қимылды ойын: №15 аюлар мен аралар.
86		Мақсаты: Бірдей тәсілдермен жүруді үйрету. Жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Жартылай бүгілген аяқтарымен жерге қону дағдысын дамыту. Жаттығуларда шапшаңдықты дамыту. қозғалысты дұрыс орындау дағдыларын бекіту. Белсенді демалысқа, мейірімділікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық.	1. ЖДЖ№16(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Бір-бірінің артынан (тырна тәрізді)(тышқандар) тәрізді жүру. Ойын жаттығу: мысық пен тышқандар 2) жүру және жүгіруді кезектестіру. Ойын жаттығу: Кім бірінші? 3) «шеңберге тұру.» Ойын жаттығу: Шеңбер құрып оытырып.

			Қимылды ойын: №22 тышқан аулау.
87 Таза ауада		Мақсаты: Доппен ептіліңпен көз мөлшерін жетілдіру. Бірдей тәсілмен жүруді үйрету; жүгіру мен жүруді кезектестіру, нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұрғызуды үйрету; қимыл-қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамыту, нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұру дағдыларын қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамыту. Қозғалыс белсенділігіне қажеттілікті қалыптастыру. ҚҰРАЛДАР:қолшатыр.	1. Ж.Д.Ж.№ 18(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Допты қос қолмен лақтыру және қағып алу. Ойын жаттығу: Қағып ал. 2) Гимнастикалық орындықта бетіне еңбектеу. Ойын жаттығу: Тасбақа. Қимылды ойын:№19 Доп кімде?
88		Мақсаты: тапсырмаларды орындауға үйрету. Тапсырмаларды орындауда жүру және жүгіру дағдыларын дамыту. Доппен жаттығуда ептілік пен көз мөлшерін жетілдіру. Жеңіске деген ынтасын ояту. ҚҰРАЛДАР:балалардың шағын тобына арналған доптар, гимнастикалық орындық	1. ЖДЖ№19(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Саптізбекте бір-бірден жүру. Белгі бойынша «мықтылар» деген белгі берілгенде қолдарын жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүру, әдеттегідей жүру. Ойын жаттығу: Батырлар. 2) «Ергежейлер» дегенде қолдарын тізеге қойып, жартылай отыру Ойын жаттығу: Ергежейлер. 3) Екі аяқпен алма кезек секіру. Ойын жаттығу: Ақ қояндар Қимылды ойын:№ 11 Ит пен қоян
89		Мақсаты: тапсырмаларды орындауға үйрету. Тапсырмаларды орындауда жаттығу, доппен жаттығу қимылдарын қайталау. Жүгіруде және секіруде тапсырманы қайталау. Бір-біріне достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	1. ЖДЖ№19(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Саптізбекте бір-бірден жүру. Белгі бойынша «мықтылар» деген белгі берілгенде қолдарын жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүру, әдеттегідей жүру. Ойын жаттығу: Батырлар. 2) «Ергежейлер» дегенде қолдарын тізеге қойып, жартылай отыру Ойын жаттығу: Ергежейлер. 3) Екі аяқпен алма кезек секіру. Ойын жаттығу: Ақ қояндар Қимылды ойын:№ 11 Ит пен

			қоян
90 Таза ауада		Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүруге жаттықтыру. Бір-бірінің артынан "тырна тәрізді", "тышқандар тәрізді " жүре білуді жетілдіру. Жүруде және жүгіру жаттығуларын нақты орындауға үйрету; назар аударуды дамыту, жүру мен жүгіру жаттығуын кезек орындауды қалыптастыру. Ұжымшылдыққа, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынасына, оң нәтижелерге жетудегі табандылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:қажет емес.	1. Ж.Д.Ж.№ 21(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Бір-бірінің артынан «тышқандар» , тырналар тәрізді жүру. Ойын жаттығу: Мен сияқты жаса. 2) Нұсқаушы тапсырмасы бойынша жүгіру Ойын жаттығу: Шымшық торғайлар. Қимылды ойын:№22 тышқан аулау.
91		Мақсаты: Белгі бойынша тоқтай отырып, еңбектеуге жаттықтыру. Белгі бойынша тоқтай отырып жүруде жаттығу; заттар арасынан жүруді қайталау, жоғары тіректе жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығу. Ұқыптылыққа, бір-біріне қамқорлыққа, басқаның жеңісіне қуана білуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:текшелер, шеңберлер, гимнастикалық орындық.	1. ЖДЖ№22(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Еңбектеу, соқтықпай еңбектеп өту. Заттар арасынан алақандар мен тізелермен тіреліп құрсауға барып, алақаның созу Ойын жаттығу: Тасбақалар. 2) Тепе-теңдік «Көпір үстімен» қолдарын еркін жазып, саптізбекте бір-бірден жүру. Орындық соңына келгенде төмен түсу. Ойын жаттығу: Көпірден өт. Қимылды ойын:№ 24 Құғыншы
92		Мақсаты: Белгі бойынша тоқтай отырып, еңбектеуге жаттықтыру Жүру жаттығуларын орындауда қол және аяқ қимылдарын үйлестіру. Қимыл-қозғалыс тәжірибесін дене жаттығуларының әртүрлі түрлерімен байыту, тепе-теңдікті сақтай білу жаттығуларды орындау кезінде дем алуды ұстамау; дене шынықтырумен айналысуға, денсаулыққа қамқорлық жасауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	1. ЖДЖ№22(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Еңбектеу, соқтықпай еңбектеп өту. Заттар арасынан алақандар мен тізелермен тіреліп құрсауға барып, алақаның созу Ойын жаттығу: Тасбақалар. 2) Тепе-теңдік «Көпір үстімен» қолдарын еркін жазып, саптізбекте бір-бірден жүру. Орындық соңына келгенде төмен түсу. Ойын жаттығу: Көпірден өт. Қимылды ойын:№ 24 Құғыншы

93 Таза ауада		Мақсаты:жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Жаяу жүру және жүгіру жаттығуларын нақты орындауға үйрету; бір-бірінің соңынан жүгіруді жетілдіру, назар аудару. Ұжымшылдыққа, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынасына, оң нәтижелерге жетудегі табандылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:қажет емес	1.Ж.Д.Ж.№ 24(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) Екі сапта тізіліп жүру. Ойын жаттығу: Жылан. 2) Жүру. Ойын жаттығу: Тышқандар. Қимылды ойын:№22 тышқан аулау.
94		Мақсаты:жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру Кеңістікті бағдарлай отырып,жүру және жүгіру жаттығуларын қалыптастыру,секіру және тепе-теңдікті сақтау тапсырмаларын қайталау.Қимылдық ойынға дегшен қызығушылығын арттыру. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық, өрілген жіп 10-15 дана.	1.Ж.Д.Ж.№ 25(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) гимнастикалық орындықта, қолын белге қойып баяу қарқында жүру. Ойын жаттығу: Тышқандар. 2) Жіп үстімен қос аяқпен секіру. Ойын жаттығу: Циркте Қимылды ойын:№ 21 қу түлкі
95		Мақсаты: жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту.Нұсқаушының тапсырмасы бойынша шапшаң шашыраңқы жүгіру жаттығуларын орындау.Спортқа деген қызығушылыққа,мәдениеттілікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	1.ЖДЖ№25(картотека) 2.Негізгі қимылдар: 1) Сап тізбекте бірбірден жүру және бүкіл зал аланында шашырап жүру. Ойын жаттығу: Тырналар 2) Жүру және жүгіру жаттығуларын алма кезек орындау . Ойын жаттығу: Спортшылар. Қимылды ойын:№ 7 Ақ сандық, көк

96 Таза ауада	Мамыр	Мақсаты: Таза ауада ойнатылатын ойындармен таныстыру. Балаларды берілген тапсырманы орындау кезінде жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға үйрету. Бір-бірінің артынан жүгіру дағдысын дамыту. Шеңберге тұру дағдысын қалыптастыру, секіруге үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: кегли, доптар	1. Ж.Д.Ж.№ 27(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Бірінші тапсырманы орындықта жүру. Екі қолы жаныңда. Көлбеу тақтай бойынша алақандармен тізелерге жоғары және төмен қарай сырғу. Ойын жаттығу: Пингвиндер. 2) Ұсақ заттарды (асықпен) оң және сол қолмен лақтыру. Ойын жаттығу: Алшы, бүк. 3) Қимылды ойын: № 16 Лақтыр да қағып ал!
97		Мақсаты: секіруге үйрету, бірлесіп ойнауға тәрбиелеу Заттар арасында жүру және жүгіру жаттығуларын орындау; орындықтан жартылай бүгілген аяқтарымен секіру. Допты бір-біріне домалату, аяқ арасын алшақ ұстап немесе тізерлей отырып отырып, допты бір-біріне домалату қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру сабағына қызығушылыққа, денсаулығына күтім жасауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық, балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. Ж.Д.Ж.№ 28(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) «Парашютисттер» секіруі – орындықтан жартылай бүгілген аяқтарымен секіру. Ойын жаттығу: Парашютисттер 2) Допты бір-біріне домалату. Ойын жаттығу: Кім бірінші? 3) Аяқты алшақ ұстап немесе тізерлей өкшемен отырып, допты бірбіріне домалату. Ойын жаттығу: Мұқият бол. Қимылды ойын: № 1 Паравоз
98		Мақсаты: Допты бір-біріне домалатуға, ойнауға үйрету. Заттар арасынан жүру және жүгіру жаттығу орындау; орындықтан жартылай бүгілген аяқтармен секіру. Допты бір-біріне домалату дағдысын дамыту. Жартылай бүгілген аяқтармен секіру қабілетін жетілдіру. Ұжымшылдыққа, қимылдық ойындарда ұжыммен бірлесіп әрекет етуге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: кегли, балалардың шағын тобына арналған доптар, тауық маскасы	1. ЖДЖ№28(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Сап тізбекте заттар арасынан бір-бірден жүру және жүгіру. Ойын жаттығу: Жылан 2) Допты бір-біріне домалату Ойын жаттығу: Добым менің көңілді 3) Гимнастикалық орындықтан секіру Ойын жаттығу: Балапандар Қимылды ойын: № 7 Ақ сандық, көк сандық.

99 Таза ауада	Мақсаты:жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Балаларды жаяу жүруге және жүгіруге үйрету. "Иықтан асыра" тәсілімен лақтыруға үйретуді жалғастыру; зейін, есту қабілеттерін дамыту. Белсенді демалуға, адамгершілікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:жалауша,жалпақ құрсау, тауық маскасы.	1. Ж.Д.Ж.№ 24(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Екі сапта тізіліп жүру. Ойын жаттығу: Жылан. 2) Жүру. Ойын жаттығу: Тышқандар. Қимылды ойын:№22 тышқан аулау.
100	Мақсаты: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылығын ояту. Балаларды жаяу жүруге және жүгіруге, допты жоғары лақтыруға және оны қағып алуға үйретуді жалғастыру. Қол қозғалысының көмегімен сап құру кезінде өз орнын таба білу дағдысын дамыту; күш-жігерді, шапшаңдықты, кеңістікте бағдарлауды дамыту; дене шынықтыру сабағына қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:балалардың шағын тбына арналған доптар, гимнастикалық орындық.	1. Ж.Д.Ж.№ 1(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Қолға арналған жаттығуларын орындау. Ойын жаттығу: Самолет 2) Екі аяқпен шеңбер бойымен секіру. Ойын жаттығу: Ақ қояндар. Қимылды ойын:№ 3 Ақ қоян.
101	Мақсаты: Допты лақтыруды және қағып алуды, орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру. Балаларды жаяу жүруге және жүгіруге, допты жоғары лақтыруға және оны қағып алуға үйретуді жалғастыру. Қол қозғалысының көмегімен сап құру кезінде өз орнын таба білу дағдысын дамыту; күш-жігерді, шапшаңдықты, кеңістікте бағдарлауды дамыту; дене шынықтыру сабағына қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: балалардың шағын тобына арналған доптар.	1. ЖДЖ№1(картотека) 2. Негізгі қимылдар: 1) Допты жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу. Ойын жаттығу: Түрлі доптар. 2) Қолымен тізеге сүйене отырып, орындықтан еңбектеп өту. Ойын жаттығу: Тасбақалар. Қимылды ойын:№ 17 Кім баяу?
102 Таза ауада	Мақсаты: Ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. Қашықтықты сақтай отырып, жаяу жүруге және жүгіруге үйрету; ұзындыққа секіруге үйрету. Екі аяқты дұрыс секіріп, жерге қона білуді қалыптастыру; лақтыру жаттығуларын қалыптастыру. Спорт залында жаттығуға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:жалауша,жалпақ құрсаула	1. Ж.Д.Ж.№ 1(картотека) 2. Негізгі қимылдар 1) Допты жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу. Ойын жаттығу: Ептілер. 2) Қолымен тізеге сүйене отырып, орындықта еңбектеп өту. Ойын жаттығу: Бақалар. Қимылды ойын:№ 19 Доп кімде?

103		Мақсаты: Күш жігіерді , шапшаңдықты дамыту. Нұсқаушының белгісі бойынша жүру және жүгіру жаттығуларын орындау.Көлбеу сатымен өрмелеу дағдысын қалыптастыру.Тапсырмаларды орындауда тепе-теңдікті сақтай білу. ҚҰРАЛДАР:көлбеу саты,тақтай,мысықтың маскасы.	1.Ж.Д.Ж.№ 2(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) Сап тізбекте бір-бірден жүру. «Аралар» деген белгі бойынша балалар қолдарын бұлғап , шашырап жүреді. Ойын жаттығу: Аралар. 2) Допты жоғары лақтыру және қағып алу. Ойын жаттығу: Мұқият бол! Қимылды ойын:№ 15 аюлар мен аралар.
104		Мақсаты: Көлбеу сатымен өрмелеу дағдысын қалыптастыру. Нұсқаушының белгісі бойынша жүгіруді жалғастыру.Тапсырманы орындау барысында тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.Еркін жүру мен жүгіру дағдысын дамыту. Сапқа тұру кезінде өз орнын таба білу, кеңістікті бағдарлау, назар аудару. ҚҰРАЛДАР:қолшатыр.	1.ЖДЖ№3(картотека) 2.Негізгі қимылдар: 1)Көлбеу сатымен өрмелеу. Ойын жаттығу: Өрмекшілер. 2) Еденге қойылған тақтай үстінде жүру. (қол белде, басы мен кеудесін тік ұстау) Ойын жаттығу: Шымшық торғайлар. Қимылды ойын: №2 Ұшты-Ұшты
105 Таза ауада		Мақсаты:жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Балаларды қашықтықты сақтай отырып, жаяу жүріске және жүгіруге үйрету; ұзындыққа секіру, екі аяқпен секіріп және қонып, лақтырып жаттығуды үйрету. Белсенді демалуға, қозғалысқа ынта қоя білуге, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:жалауша, жалпақ құрсау, иттің маскасы.	1.Ж.Д.Ж.№ 4(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) Екі сапта тізіліп жүру. Ойын жаттығу: Жылан. 2) Жүру. Ойын жаттығу: Тышқандар. Қимылды ойын:№22 тышқан аулау.

106	Мақсаты: Күш жігіерді , шапшаңдықты дамыту. Тапсырманы бойынша жүруді,секіруді жетілдіру.Тіректің шектеулі алаңында жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығу.Мейірімділікке , бір-біріне жол беруге тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:тақтай,жіптер ,секіртпе.	1.Ж.Д.Ж.№ 5(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) Сап тізбекте бір-бірден жүру. «Аралар» деген белгі бойынша балалар қолдарын бұлғап , шашырап жүреді. Ойын жаттығу: Аралар. 2) Допты жоғары лақтыру және қағып алу. Ойын жаттығу: Мұқият бол! Қимылды ойын:№ 15 аюлар мен аралар.
107	Мақсаты: Көлбеу сатымен өрмелеу дағдысын қалыптастыру. Балаларды шеңберге тұрғызуға, сапқа тұрғызуға үйрету. Тапсырманы бойынша жүре білуді қалыптастыру, Музыка ырғағына сәйкес ырғақты қимыл жасау,музыканың басталуына және аяқталуына назар қойып,көңіл бөлу,бір-біріне соқтығыспай жүгіру,көңіл аудару дағдыларын жетілдіру. Бір-біріне деген мейірімділікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: лақтыруға арналған дорбашалар.	1.ЖДЖ№6(картотека) 2.Негізгі қимылдар: 1)Көлбеу сатымен өрмелеу. Ойын жаттығу: Өрмекшілер. 2) Еденге қойылған тақтай үстінде жүру. (қол белде, басы мен кеудесін тік ұстау) Ойын жаттығу: Шымшық торғайлар. Қимылды ойын: №2 Ұшты-Ұшты.
108 Таза ауада	Мақсаты:жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Балаларды жаяу жүруге және жүгіруге үйрету. "Иықтан асыра" тәсілімен лақтыруға үйретуді жалғастыру; зейін, есту қабілеттерін дамыту. Белсенді демалуға, адамгершілікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР:жалауша,жалпақ құрсау, тауық маскасы.	1.Ж.Д.Ж.№ 24(картотека) 2.Негізгі қимылдар 1) Екі сапта тізіліп жүру. Ойын жаттығу: Жылан. 2) Жүру. Ойын жаттығу: Тышқандар. Қимылды ойын:№22 тышқан аулау.

Бекітемін _____ *мүб-*

«Ақбота» өбекжай- балабақшасы» МКҚК

Менгерушісі Г.С.Жундибаева

2022-2023 оқу жылы

Кіші топ: Құлыншақ

№	Айы	Мақсаты мен мазмұны	Әдіс-тәсілдері
1	Қыркүйек	Мақсаты: Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Балаларды саптізбекке бір-бірден сапқа тұрғызуға үйрету;саптізбекте бір-бірден қарапайым жүруді дамыту; саптізбектен шықпай ,өз бағытын сақтай отырып, өз орнын таба білуді қалыптастыру; Балаларды спорт залымен таныстыру, жаяу жүргенде саптізбектен шықпай-ақ бағытты сақтауға тырысу;кеңістікті бағдарлауға,оған көңіл аударуға, спорт залында спортпен айналысуға деген құлшынысқа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	3. Ж.Д.Ж.№ 2 (картотека) 4. Негізгі қимылдар: 1) Сап тізбекте қарапайым жүру. Ойын жаттығу:Дәу адам болып жүреміз, кішкентай адам болып жүреміз. 2) сап тізбектен шықпай жүру. Ойын жаттығу:Тышқандар Қимылды ойын:№ 1 Паравоз
2		Мақсаты:Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап , жүруге және жүгіруге үйрету. Балаларды шеңберге сапқа тұрғызуға үйрету; белгі бойынша бір-бірден саптізбекте жай жүру. Өз іс-әрекеттерін басқа балалардың әрекеттерімен бірлесе орындау,шеңберге сапқа тұру дағдысын бекіту;өз бағытын сақтай отырып,саптізбекте жүруге үйрету, педагогтың белгісі бойынша тоқтай білу дағдыларын қалыптастыру; кеңістіктегі бағдарларлау назарын дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу, спорт залындағы сабақтарға оң пікір қалыптастыру. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	3. ЖДЖ№2(картотека) 4. Негізгі қимылдар: 1)белгі бойынша бір бірден сап тізбектен жай жүру. Ойын жаттығу:паравоз 2)Дене шынықтыру нұсқаушының белгісі бойынша шеңберге сапқа тұру. Ойын жаттығу:Балапандар Қимылды ойын:№ 7 Ақ сандық, көк сандық.
3 Таза ауада		Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап , жүруге және жүгіруге үйрету. Балаларды қос аяқпен (аяқ бірге-аяқ алшақ) секіруге үйрету; шеңбермен жүруді,секіру жаттығуларын (аяқ бірге - аяқ алшақ) орындауды, тізені бүгіп, қос аяқпен алға секіруді; ырғақты сақтай отырып, шеңбер бойынша жүре білуді бекіту; жаттығуды орындау кезінде дұрыс тыныс алуды қалыптастыру. Дене шынықтыру залында жаттығумен айналысуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	3. ЖДЖ№4(картотека) 4. Негізгі қимылдар: 1)белгі бойынша бір бірден сап тізбектен жай жүру. Ойын жаттығу:паравоз 2)Дене шынықтыру нұсқаушының белгісі бойынша шеңберге сапқа тұру. Ойынжаттығу:Балапандар Қимылды ойын:№ 1 Паравоз

4		Мақсаты: Балаларды қос аяқпен секіруге үйрету. Балалардың координациялық қабілеттерін, ырғақтылығын, педагогтың нұсқауларына сәйкес қимылдарын жылдамдату және бәсеңдету дағдыларын дамыту; жүгіру жаттығуларын, ойын ережелерін орындау дағдыларын дамыту. Бір-біріне жол беруге, мейірімділікке тәрбиелеу. ҚҰРАЛДАР: қажет емес	3. Ж.Д.Ж.№ 3(картотека) 4. Негізгі қимылдар 4) Қос аяқпен секіру «аяқ бірге аяқ алшақ» Ойын жаттығу: Пингвиндер. 5) жүру, секіру. Жаттығуларын орындау /аяғы бірге аяғы алшақ/ Ойын жаттығу: балапандар 6) Шеңбер бойынша жүру дағдысын бекіту. Ойын жаттығу: Мұқият бол. Қимылды ойын: № 18 Соқыр теке
